

**"Павлов селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" Павлов селолық округі әкімінің 2009 жылғы 19 қазандағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы Павлов селолық округі әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 3 шешімі. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 мамырда № 9-18-117 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына сәйкес және Таран ауданы прокурорының 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 7-2-127-10 наразылығының негізінде Павлов селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Павлов селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" Павлов селолық округі әкімінің 2009 жылғы 19 қазандағы № 1 шешіміне мемлекеттік тілде ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 9-18-100 нөмірінде тіркелген, 2009 жылғы 26 қарашада "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"9) № 9 атаусыз тұйық көшесіне – Специалисттер тұйық көшесі;"

3 тармақтың 11) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"11) № 11 атаусыз тұйық көшесіне – Специалисттер тұйық көшесі.".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*әкімінің міндетін атқарушы*

*П а в л о в                      с е л о л ы қ                      о к р у г і*  
*М. Жортынбаев*